КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 29 наурыз дело №7119-24-00-2/2905 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Талгат» атауымен әрекет етуші Айсулу Талгат

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

2024 жылғы 26 қаңтарда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Талгат» атауымен әрекет етуші Айсулу Талгаттың (өнім беруші) арасында № 52 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер радиомикрофонды жеткізу туралы міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 324 822 теңгеге көрсетілген тауарды шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Алайда жауапкер тарапынан тауарды жеткізу туралы өтінімді орындамаған.

Тараптар арасында 2024 жылғы 12 наурызда аталған шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сотқа жауапкерден қарсы пікір түсті, онда шартта көрсетілген тауарды жеткізуге жұмыстар жүргізгендігін көрсеткен, алайда тауардың қымбаттап кетуіне байланысты аналогиялық басқа ұқсас тауарды ұсынған болатын, сәйкесінше тапсырыс беруші келіспеді. Талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуын сұрайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 3.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, жауапкермен шарт талаптары орындамалған, атап айтқанда өнім берушімен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін тауар жеткізілмеген, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылған. жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді.

Тараптар арасындағы шартты тапсырыс беруші біржақты тәртіппен 2024 жылғы 12 наурызда бұзды. Жауапкер заңнамада белгіленген тәртіппен дауламады.

Жауапкердің қарсы пікірінде көрсетілген жайттар талап қою арызын қанағаттандырудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Талгат» атауымен әрекет етуші Айсулу Талгатқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 29.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.05.2024, судья Жетибаев Ж. К., 14.05.2024

7119-24-3-1/2388

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер жеке кәсіпкер «Талгат» атауымен әрекет етуші Айсулу Талгат мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Талгат» атауымен әрекет етуші Айсулу Талгаттан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 29.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.05.2024, судья Жетибаев Ж. К., 14.05.2024

7119-24-3-1/2388